

**\* Тақырып. Валюталық  
нарық**

- \* **Валюта нарығы** – шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, сұраныс пен ұсынысқа тәуелді аккредитивтерді нарықтық бағамен сату-сатып алу жүргізілетін сала.
- \* Сонымен қатар оның құрамына валюта нарығының қатысушылары- контрагенттер арасындағы шетел валютасымен операциялар, және өзара әрекеттесу барысында туындайтын басқа да қатынастар.

**\* 1) Валюта нарықтарын келесідей белгілер бойынша сипаттауға болады:**

**\* А) операциялар түрі бойынша.** Мысалы, әлемдік конверсиялық операциялар нарығы (оның ішінде евро/доллар немесе доллар/иена типтес конверсиялық операциялар сегменттерін бөліп көрсетуге болады), және әлемдік несиелік-депозиттік операциялар нарығы.

**\* Б) территориалдық белгі бойынша.** Үш үлкен нарықтарды бөліп көрсетеді: еуропалық, солтүстік американдық, азиялық. Оның ішіндегі ірі халықаралық валюта-қаржылық орталықтар: Еуропада — Лондон, Цюрих, Франкфурт-на-Майне, Париж, т.б.; Солтүстік Америкада — Нью-Йорк; Азияда — Токио, Сингапур, Гонконг. Ұлттық валюта нарықтарын да атап кетуге болады (мысалы, РФ ішкі валюта нарығы), оларға сату, сатып алу, несиелеу, есеп айырысуға валюталық шектеулер тән .

## \* 2) валюталық нарық субъектілері:

□ *Орталық банктер.*

□ *Коммерциялық банктер.*

□ *сыртқы саудалық операцияларды жүзеге асыратын фирмалар.*

□ *халықаралық инвестициялық компаниялар, зейнеткерлік және хеджерлік қорлар, сақтандыру компаниялары.* Олардың негізгі мақсаты – мемлекеттік және корпорациялық бағалы қағаздарға салымдар арқылы жүзеге асатын активтер портфельдерін диверсификациялық басқару.

□ *Валюталық биржалар.* Олар бірқатар елдерде жұмыс жасайды, және олардың қызметіне заңды тұлғалар үшін валюта айырбастау мен нарықтық валюта бағамын қалыптастыру кіреді. Жергілікті биржа нарығының шағындығын пайдалатып, мемлекет әдетте айырбас бағамын жиі реттеп отырады.

□ *Валюталық брокерлер.* Олардың қызметіне сатушы мен саты алушыны кездестіру мен олардың арасындағы конверсиялық немесе несие-депозиттік операциялар жүргізу кіреді.

□ *Жеке тұлғалар*

\* **Биржалық валюта нарығы**- сұраныс пен ұсынысқа сүйене отырып, шетел валютасын сату сатып алу жүргізілетін биржабиржа. Ресейде 1992 ж қаңтарынан Мәскеулік банкаралық валюта биржасы, содан кейін аймақтық бірқатар биржалар ашылды.

\* **Биржадан тыс валюта нарығы** – телефондық келіссөздер, құжаттаманы факс, интернет арқылы жіберу арқылы дилерлердің экономикалық операцияларды іске асырумен сипатталады. Ресейдің биржадан тыс валюта нарығы өзіндік ерекшеліктер мен жұмыс сипаттамалары бар биржа нарығының ажырамас ерекше бөлігі. Оның артықшылықтарының қатарында валюталық операциялардың өзіндік құнының төмендігі және есеп айырысулардың жоғары жылдамдығы жатады.



**\* Валюталық позиция:**

- \* активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық(шетел валютасындағы пассивтер)
- \* шетел валютасындағы коммерциялық банк немесе фирманың талаптар көлемі мен міндеттемелері арасындағы арақатынас .
- \* **Ашық валюталық позиция** – коммерциялық банктің шетел валютасындағы талаптар мен міндеттемелердің сәйкес келмеуі.
- \* *Ашық ұзын валюталық позиция* - сатып алынған валюта бойынша талаптар көлемі міндеттеме көлемінен артық.
- \* *Ашық қысқа валюталық позиция* – сатып алынған валюта бойынша міндеттеме көлемі талаптар көлемінен артық .
- \* **Жабық валюталық позиция** - коммерциялық банктің шетел валютасына талаптар мен міндеттемелер көлемінің теңдігі.
- \* **Валюталық позицияны ашу(Вскрытие)** – банктің шетел валютасындағы өзінің талаптары мен міндеттемелер арақатынасының бұзылуы.

\* Валюта нарықтарын келесі белгілер арқылы санаттауға болады: таралу саласына, валюталық шектеулерге қатысына, валюталық бағам түрлеріне, ұйымдастырылу дәрежесіне.

<i>Таралу саласы</i>		<i>Валюталық шектеуге байланысты</i>		<i>Валюта бағамдарының түріне</i>		<i>Ұйымдастырылу дәрежесіне</i>	
<i>халықаралық</i>	<i>ішкі</i>	<i>ерікті</i>	<i>еріксіз</i>	<i>Бір режимді</i>	<i>Екі режимді</i>	<i>Биржалық</i>	<i>Биржадан тыс</i>
<i>әлемдік</i>	<i>Ішкі аймақтық</i>						

- \* Валюта нарығының маңызды функцияларына жатады:
- \* • халықаралық есеп айырысуларды уақытылы жүргізу;
- \* • валюта бағамдарын реттеу;
- \* • валюта резервтерін диверсификациялау;
- \* • валюталық тәуекелдерді сақтандыру;
- \* • бағам айырмасы ретінде нарыққа қатысушылардың пайда табуы;
- \* • әлемдік шаруашылық шеңберінде үйлесімді саясат, ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеуге бағытталған валюталық саясат жүргізу.



- \* Бүгінгі күндері Валюта нарықтары ең көлемді болып келеді.
- \* Базель қаласындағы осы нарықтарға сараптама жүргізетін халықаралық есеп айырысу банкінің мәліметі бойынша (Bank For International Settlements), олардың бір күнгі мәмілелер көлемі 1,4 трлн. долл.дан асып түседі.
- \* Ақша айырбастау тарихы орта ғасырларда басталған(1550 ж., Ломбардия).
- \* Бірақ қазіргі FOREX түсінігі алтын стандарты уақытынан бастау алады. 1880 жылдан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде, және екі дүниежүзілік соғыстар арасындағы аралықта валюталық операциялар негізі ретінде халықаралық алтын стандарты қолданылған. Мемлекеттер өз ақша бірліктерінің құнын алтынның белгілі бір көлемі ретінде алған. Нәтижесінде үкіметтер алтынды ақшаға және керісінше айналдыру үшін алтынға деген экспорт импорт шектеулерін алып тастауға тура келді.

- \* XX ғасырдың 20-шы 30-шы жылдары әлемде валюталық хаос пен экономикалық депрессия жайлады.
- \* Ондай жағдайды қайталамас үшін 1944 жылдың 21 шілдесінде Одақтас елдің үкіметтері валюта қаржылық жағдайларды сараптау үшін конференция ұйымдастырды.
- \* Өткізілген орны Бреттон-Вудс Қаласы (шт. Нью-Гемпшир, АҚШ). Нәтижесінде екі ұйым құрылды: Халықаралық валюта қоры- ХВҚ (IMF) және Халықаралық қайта өркендеу мен даму банкі- Дүниежүзілік банк.

## \* Валюта нарығының қатысушылары

қатысушылар	мәмілелер	себептер
<b>Коммерциялық банктер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• клиенттер үшін мәміле</li> <li>• өз қаражаты есебінен сауда жасау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• төлемдер жүргізу</li> <li>• клиенттік мәмілелер бойынша позицияларды бекіту немесе пайда табу</li> </ul>
<b>кәсіпорындар (импорттаушылар, экспортерлер)</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Валютаны сату мен сатып алу</li> <li>• валюталық тәуекелден сақтану үшін мәмілелер</li> <li>• шетел валютасында несие беру және алу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• шетел валютасында төлем жүргізу</li> <li>• өзіндік құн калькуляциясы, валюталық тәуекелдерді жою үшін сенімді база құру</li> <li>• тиімді жағдайларға қол жеткізу</li> </ul>
<b>Орталық банктер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Валютаны сату сатып алу</li> <li>• Интервенция үшін</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• төлемдер, инкассация , векселдерді тіркеу, т. б.</li> <li>• валюта нарығын қамтамасыз ету, қалыпты жұмысына қолдау жасау үшін валютаны сату сатып алу</li> </ul>
<b>Брокерлер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• валюталық, пайыздық мәмілелер, бағам бекітуде делдалдық қызмет</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• комиссия немесе пайыз түріндегі пайда алу</li> </ul>
<b>Валюталық Биржалар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• клиенттер үшін мәмілелер</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• комиссия немесе пайыз түріндегі пайда алу</li> </ul>